

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢЫ

**2022 – 2024 жылдарға арналған  
республикалық бюджет туралы**

1-бап. 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 12 848 883 758 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер бойынша – 8 919 134 985 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер бойынша – 286 053 324 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 2 251 000 мың теңге;  
трансферттер түсімдері бойынша – 3 641 444 449 мың теңге;
- 2) шығындар – 15 645 363 360 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 106 429 972 мың теңге, оның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 263 831 891 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 157 401 919 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 2 999 943 мың теңге, оның ішінде:  
қаржы активтерін сатып алу – 2 999 943 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -2 905 909 517 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 3,3 пайызы;
- 6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -7 043 674 017 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 8,1 пайызы;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 2 905 909 517 мың теңге.

2-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін 48 875 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін

*В - Н. Кош*

8 516 575 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделсін.

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2022 жылға арналған түсімдердің көлемдері осы Заңға 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есепке жатқызылатын болып белгіленсін:

1) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының «Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық» коды бойынша – жер қойнауын пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының «Әлеуметтік салық» коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады.

5-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемдері 490 436 982 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 220 960 446 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 19 493 443 мың теңге;

Алматы қаласынан – 211 516 094 мың теңге;

Нұр-Сұлтан қаласынан – 38 466 999 мың теңге.

6-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен трансферттердің түсімдері 201 007 467 мың теңге сомасында көзделсін.

Б- Т. М. Р. С.

Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен трансферттердің түсімдерін бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

7-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 2 400 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

8-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мақсаттарға 550 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

9-бап. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;
- 4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге болып белгіленсін.

10-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап олардың мөлшерлерін 7 пайызға көтеру ескеріле отырып көзделген деп белгіленсін.

11-бап. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекет жарналарының мөлшері мемлекет жарналарын есептеу объектісінен 1,7 пайыз болып белгіленсін.

12-бап. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

13-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге және республикалық маңызы бар қала бюджетіне берілетін субвенциялар көлемдері 2 124 711 058 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақмола облысына – 160 207 769 мың теңге;
- Ақтөбе облысына – 111 182 382 мың теңге;
- Алматы облысына – 180 375 440 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 217 036 535 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 194 453 904 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 75 934 478 мың теңге;
- Қарағанды облысына – 128 583 789 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 184 272 462 мың теңге;
- Қостанай облысына – 133 543 226 мың теңге;
- Павлодар облысына – 52 352 303 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 141 829 462 мың теңге;
- Түркістан облысына – 402 327 694 мың теңге;
- Шымкент қаласына – 142 611 614 мың теңге.

14-бап. 2022 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне:

- 1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 2) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;
- 3) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үй төлемдеріне;
- 4) ішкі істер органдарының азаматтық қызметшілері қатарындағы медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 5) инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;
- 6) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;
- 7) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;
- 8) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;
- 9) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықтарды сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

*Handwritten signatures and initials.*

10) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

11) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіруге шығындарын өтеуге;

12) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

13) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

14) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

15) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

16) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

17) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

18) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

19) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

20) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

21) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

22) үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамтуды қамтамасыз етуге;

23) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

24) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;

25) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

26) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

*Б- Т. М. Коел*

27) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

28) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;

29) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

30) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

31) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

32) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

33) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

34) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

35) медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне;

36) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;

37) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

38) саламатты өмір салтын насихаттауға;

39) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

40) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың мемлекеттік стипендиясының мөлшерін ұлғайтуға;

41) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

42) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

Б- Т. н. соел

43) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

44) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

45) туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуге;

46) туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне, жүргізушінің орнын қоспағанда, сыйымдылығы отыруға арналған сегізден асатын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуге;

47) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуге;

48) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялауға;

49) «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

50) «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

51) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

52) жұмыс істейтін жастарға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға;

53) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері сайлауын қамтамасыз етуге және өткізуге бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің осы баптың бірінші бөлігінің 14), 15) және 41) тармақшаларында көрсетілген 2022 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

15-бап. Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға арналған қаражатты бөлу және (немесе) пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

16-бап. «Қарағандышахтатарату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеуге берілетін қаражатты бөлу және (немесе) пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

 

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған резерві 169 960 409 мың теңге сомасында бекітілсін.

18-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына 2022 жылға арналған резерв 71 603 761 мың теңге сомасында бекітілсін.

19-бап. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2022 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 2 251 000 мың теңге сомасындағы қаражат көрсетіле отырып, 6 594 129 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

20-бап. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2022 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауға «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына аудару үшін 85 710 421 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

21-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 2022 жылы 1 000 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

22-бап. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті 2022 жылы қолданылмайды деп белгіленсін.

23-бап. 2022 жылға мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 45 034 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-бап. 2022 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 21 166 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25-бап. 2022 жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 2 569 575 258 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

26-бап. 2022 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы Заңға 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2022 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы Заңға 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

 -   
M. D. D. D.



27-бап. Осы Заң 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**



*Дүрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
Білімнің сектор меңгерушісі  
Мамір Н. Шайтанбаев.*